## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы N 1127 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 мамырдағы N 532 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) қаржыландыру жоспары бойынша тиісті органды ұстауға арналған қаражат есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы N 1127 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) тақырыбындағы "қаражат" деген сөз "мемлекеттік бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) кіріспедегі "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығының " деген сөздер "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 Жарлығының " деген сөздермен ауыстырылсын, "және 4-1-тармағына" деген сөздер алынып тасталсын;

3) 1-тармақтағы "қаражат" деген сөз "мемлекеттік бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) көрсетілген қаулымен бекітілген Бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) қаржыландыру жоспары бойынша тиісті органды ұстауға арналған қаражат есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу ережесінде:

тақырыбындағы "қаражат" деген сөз "мемлекеттік бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 Жарлығына сәйкес лауазымдық (қызметтік) міндеттерін тиісінше орындағаны үшін қызметкерлерді көтермелеу жүйесін реттеу, сондай-ақ функциялары мен міндеттерін уақтылы әрі

сапалы орындауда Қазақстан Республикасының органдары қызметкерлерінің материалдық мүдделілігін арттыру мақсатында әзірленді және олардың еңбегіне ақы төлеу Жарлықтың негізінде жүргізілетін, мемлекеттік бюджеттің есебінен қамтылатын Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне қолданылады.";

1-1, 14-тармақтарда, 13-тармақтың 1), 2) тармақшаларында "қаражат", "қаржы", " қаражаттың" деген сөздер тиісінше "мемлекеттік бюджет қаражаты", "мемлекеттік бюджет қаражатын", "мемлекеттік бюджет қаражатының" деген сөздермен ауыстырылсын, 12-тармақта "үстемақылар белгілеуге" деген сөздерден кейін " мемлекеттік бюджет қаражатын бөлу" деген сөздермен толықтырылсын;

5) Мемлекеттік органдар орталық аппараттарының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) қаржыландыру жоспары бойынша тиісті органды ұстауға көзделген қаражат есебінен сыйлықақы төлеу тәртібінде:

тақырыбындағы "қаражат" деген сөз "мемлекеттік бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК